



Автор: КАЛИЕВА ГУЛЬСТАН ТЕНИЛЬБАЕВНА

Пән: Биология

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Тірі ағзаларды жүйелеу

Тақырып: Тірі ағзалардың бес патшалығына жалпы сипаттама: пр

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.1.1.1 - жүйелеудің маңызын түсіндіру; 7.1.1.2 - жүйелеуде тірі ағзалардың орнын анықтау
Сабақтың мақсаты:	Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады: Топтық жұмысты брлесе орындайды.Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды. Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды.Тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.
Тілдік мақсаттар:	прокариоттар, протистер, гликоген, битин, флорофилл.
Бағалау критерийлері:	Тақырыптың маңызын түсіндіреді.Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.
Пәнаралық байланыс:	Музыка, қазақ тілі.
Бастапқы білім:	Ұйымдастыру кезеңі 2 минут Топтарға бөлу. Тірек сөздер бойынша топқа бөліну. Оқушыларға сөздер қиындыларын беремін. Әріп қиындыларда сөздер болу керек. Оқушылар сол сөздер бойынша топтарға бөлінеді. Психологиялық ахуал қалыптастыру: 3 минут «Сурете байланысты тілек» тренинг Оқушыларды шеңберге шақыру,амандасу. Стикерлерге салынған әртүрлі суреттерді ұсыну. Суретті не үшін таңдағанын білу. Оқушылар таңдаған суретке байланысты тілектер айтады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы	Білу және түсіну Махмуд Қашғари тәрізді ғұлама ғалымдар республикамызда мекендейтін жануарлар туралы жазба деректер қалдырды. Бұл салада араб, парсы және Қытай саяхатшыларының да үлесі аз емес. Республикамыздың жануарлар дүниесін ғылыми тұрғыдан зерттеуге XVII–XVIII ғасырларда ұйымдастырылған экспедициялардың ықпалы мол болды. Әсіресе қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановтың қосқан үлесі ерекше. Қазақстанда алғашқы зоологиялық зерттеулер XVIII–XIX ғасырларда басталды. П. С. Паллас – құс пен аңның 45 түріне, Э. А. Эверсман құстардың 8 түріне сипаттама беріп, жүйеледі. Н. А. Северцов Түркістан жануарларының орнала-суы, Г. В. Никольский Балқаш қазаншұңқырындағы омыртқалылар туралы алғашқы ғылыми жинақтарды жариялады. Ал XX ғасырдың басында Аралтеңізімен Балқаш көлінің балықтарын Л. С. Берг, құстар фаунасын Н. А. Зарудный, П. П. Сушкин, т. б. зерттеді. К. И. Скрябин Оңтүстік Қазақстанда кейбір үй хайуанаттары мен жабайы жануарлардың ішекқұрттарын зерттеп, маңызды деректер жариялады. Қазақстанда 1924 жылға дейін зоологиялық мекемелер болмады. Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін Ресей Ғылым академиясы мен Мәскеу мемлекеттік университетінің, т. б. жоғары оқу орындарының ғалымдары: Н. О. Оленов, Б. С. Виноградов, Б. А. Кузнецов, Б. А. Хохлов, Б. А. Селевин, т. б. зерттеді. Жабайы жануарларды зерттеу үшін республикамызда зоологиялық сектор ашылды (1932). Зерттеу жұмыстары Ғылым академиясының зоология институты құрылғаннан (1944) кейін ғана нақтылы жолға қойылды. Омыртқасыз және омыртқалы жануарларды зерттеуде және оларды жүйеге келтіруде көптеген ғалымдар атсалысты. И. А. Долгушин, А. А. Слудский, А. В. Афанасьев, М. И. Исмагилов, К. Ы. Ысқақова, С. И. Ибрашева, П. И. Мариковский, С. К. Сыбанбаев, Е. В. Гвоздев, И. Г. Галузо, С. Н. Боев, Б. А. Домбровский, К. Б. Бердіоңғаров, А. Ф. Ковшарь, Т. Н. Досжанов, А. Бекенов, т. б. ғалымдар зоология ғылымының дамуына ерекше үлес қосты және одан әрі дамытуда. Берілген мәтіндерді балалар оқып алады. «Стикердегі диалог» әдісі (Топ мүшелері сұрақтардың жауабын стикерлерге жазып, қабырғадағы сұрақтар жазылған қағаздарға іледі. кейін пікірлерін қорғайды.) 1. Тірі ағзалар патшалығын сипаттаңдар. 2. Жүйелеу маңызы туралы айтыңдар, оның мақсаты мен міндетін нақтылаңдар.	Оқулық. Кеспе мәтіндер. Оқулық, қабырғаға ілінген ватмандар, түрлі-түсті маркерлер.
---------------	---	--

Сабақтың ортасы	Қолдану Тіршілік дүниесінің жалпы сипаттамасы. Ең ірі көпшілік мойындаған жүйелеу категорияға патшалық жатады. Сендер осы оқу жылында тіршіліктің негізгі 5 патшалығы: прокариоттар, протистер, саңырауқұлақтар, өсімдіктер және жануарлармен танысасыздар. Прокариоттарға барлық бактериялар жатады. Олардың басты ерекшелігі – жасуша- ларында ядро жоқ. Сондықтан латынша pro – алдыңғы, бұрынғы және karyon – ядродеген атаудан алынған. Сөзбе-сөз мағынасы – про- кариоттар ядроға дейінгі ағзалар. Олар біздің ғаламшарымызда ең бірінші пайда болды. Шамамен эволюция барысында олардан едәуір жетілген ядролық ағзалар – эукариоттар: саңырауқұлақтар, өсімдіктер мен жануарлар түзілген. Барлық бактериялар – прокариоттар бір жасушадан тұрады. Олар колония- жасушалар топтары түрінде болуы мүмкін. Бірақ олардың денелері көптеген жасуша- лардан тұрмайды. Яғни прокариоттар ешқашан көпжасушалы болмайды. Жануарлар, өсімдіктер мен саңырауқұлақтардың денелері бір жасуша- дан да, көптеген жасушалардан да тұрады. Өсімдіктер патшалығына жасыл зат – хлорофилл көмегімен жарықтан энергия алуға қабілетті ағзалар жатады. Өсімдіктер қозғалмайды, сондықтан олар бүкіл тіршілік бойы өседі. Олардың жасушаларының құрылысының ерекшелігі туралы келесі бөлімде қарастырамыз. Жануарлар патшалығына жарықтан энергия алуға қабілетсіз ағзалар жатады. Олар құрамында қоректік заттар: нәруыздар, май- лар мен көмірсулар бар қоректі қажетсінеді. Жануарлар қозғалғыш, осы үдерісіне көп энергия жұмсайды. Өсімдіктер мен жануарлардың айырмашылығы туралы кейін қарастырамыз. Өсімдіктер мен жануарлардың негізгі жүйелеу категориялары. Өсімдіктер мен жануарлардағы көптеген систематикалық категори- ялар сәйкес келгенімен, оларда екі айырмашылық болады. Барлық эукариоттардың ең кіші систематикалық категориясы – түр. Бір түрге жататын даралар өзара будандаса алады. Олардың құрылысы ұқсас, оларға бірдей жағдай қажет, тіршілік үдерістері де ұқсайды. Туыс (жақын) түрлер туысқа біріктірілді. Әрі қарай едәуір ірі жүйелеу ка- тегориялар кетеді. Оларды салыстырайық. Өсімдіктерде: Патшалық □Бөлім □Класс □Қатар □Тұқымдас □Туыс □Түр. Жануарларда: Патша- □Тип □Класс □Отряд □Тұқымдас □Туыс □Түр. Берілген мәтіндерді балалар оқып алады. Ортақ тапсырма: «Пікірлер» парағы әдісі 1. Алған білімдеріңді пайдаланып, сендерге белгілі ағзалар (ит, үйеңкі, туберкулез таяқшасы) тірі ағзалардың белгілі бір патшалығына жата- тынын дәлелдендер. 2. Жүйелеудің қалыптасуы мен дамуына өз үлестерін қосқан ғалымдар туралы хабарлама жасаңдар. Талдау «Броундық қозғалыс» Оқушылар сыныпты шарлап, талқыланатын мәселе бойынша ақпарат жинап, басқалармен пікірлеседі. Бұл тәсілді қолданғанда оқушыларға партаға отыруға болмайтынын ескерту керек. 1. «Патшалық – ірі жүйелік санат» дегенге келісесіңдер ме? Оқулықты пайдаланып, «иә» және қосымша ақпарат көздерін қолданып, «жоқ» дегенге дәйек келтіріңдер. 2. Өсімдіктер мен жануарлардың негізгі жүйелік санаттарын сызба түрінде бейнелеңдер.	«Пікірлер» парағы әдісі, сұрақтар жазылған парақшалар, қалам. Оқулықтағы мәтінді оқып алады.
Сабақтың соңы	Синтез «Карточкадағы терминдер» әдісі Орталық цилиндр құрылысы, тамырдың өткізгіш қызметі, Перицикл мен камбийдің орналасуы, жасуша құрылысының ерекшелігі, тамыр сіңіретін судың қозғалысы. деген сөздер топтарға таратылады. Тапсырма: Сыныпты аралап жүріп, осы термиді өзге топтардағы оқушыларға түсіндіріп береді. 1. Мынадай түрлерді жүйелеңдер: кәдімгі қайың, кәдімгі амеба, тұщы гидра. 2. Өсімдіктер мен жануарлардың әртүрлі жүйелік санаттарын еске түсірің- дер. Осы айырмашылықтарды енгізу керек пе?	Карточкада жазылған терминдер
Рефлексия	Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы Сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес Келетін сұрақтарға жауап беріңіз.	